

Биылғы жылы тәуелсіздігімізге 30 жыл болады. Бұл Егемен еліміз үшін аса маңызды меже. Егемен еліміздің тұрақты дамуына үлес қосу үшін біз экономика саласының білікті мамандары болуымыз керек. Осы отыз жылда қол жеткізген нәтижелерді ары қарай дамыту жас ұрпақ - біздің қолымызда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бейсенов С.Д. Рынок и проблемы занятости в РК // Учебник. - Алматы, 1999. – 105-108 б.
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2020. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy
3. Е.Абулхатин «Жұмыспен қамту бағдарламасы аясында 400 мыңнан астам қазақстандық жұмысқа орналасады». <http://www.enbek.gov.kz/kk/node/349331>

УДК 338(574)

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Оралбекова Саяжан Талғатқызы, Мухсинова Айгерим Серғалиевна

11.ekonomika@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Экономика факультетінің
2-ші курс студенттері, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Э.Б. Тлесова

Бүгінгі таңда еліміздің экономикасының дамуы ғылымды көп қажет ететін отандық өндірісті дамыту, бәсекеге қабілетті өнімдерді алуға бағдарланған жаңа ақпараттық технологияларды әзірлеу мен игеру, ұлттық экономикалық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету – Қазақстан экономикасының өзекті стратегиялық міндеттері болып табылады [1].


Жаһандық нарықтар конъюнктурасының өзгеруі, әлемнің жетекші елдерінің цифрлық дәуірге аяқ басуы, Қазақстан үшін жаңа сынға айналды. Осы жаңа технологиялық жағдайларды ескере отырып, Елбасымыз Қазақстан өнеркәсібін ауқымды жаңғырту бағытын белгіледі. Оның басты мақсаты – шикізаттық емес тауарларды шығаруға бағдарланған бәсекеге қабілетті және әртараптандырылған экономиканы құру.

Ағымдағы дағдарыстың бір себебі – Қазақстан экономикасының шикізаттық тәуелділігі болып табылады. Әртараптандырудың болмауының негізгі себебі – «ресурстық қарғыс» болды. Мұнайдың жоғары бағасы кезеңінде бізді мұнай долларлары толтырды, нәтижесінде билік босаңсып, экономиканы реформалауды тоқтатты. Ең жаманы, бұл уақытта дамудың нарықтық қағидаттарынан бас тартылды және елде социализмнің кейбір элементтері бар толыққанды мемлекеттік капитализм салынды.

Сонымен қатар, қосылған құны жоғары тауарларды шығару қазіргі заманғы индустриялық саясатты іске асырудағы басты талаптардың бірі. Бүгінде біз бұл бағытта айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздік. Соңғы жылдары 1 250 жаңа өндіріс іске қосылды, 500-ге жуық жаңа өнім түрлері шығарылды. Қазақстан әлемнің 110 еліне тауарларды экспорттайды [2].

Қазақстан экономикасының басты міндеті халықтың өмір сүру деңгейі бойынша неғұрлым дамыған батыс елдеріне салыстырмалы түрде жылдам жетуге мүмкіндік беретін ұзақ мерзімді, тұрақты өсу қарқынын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін маңызды құрылымдық қайта құрулар талап етіледі, өйткені екі онжылдық ішінде қолданылған даму моделі орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада ҚР-ның жаңа бағытын қолдай алмайды деп пайымдауға барлық негіз бар. Осылайша, дамудың жаңа моделінің пайда болуы үшін жағдай жасау қазақстандық көшбасшылардың орталық басымдығы және ЭЫДҰ-мен өзара іс-қимылдың басты саласы болып табылады [3].

Бүгінгі күні Қазақстанда дамудың басым бағыттары экономиканың мынадай салалары болып табылады: тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласы (сурет 1).



Ескерту: авторлармен құрастырылған

Сурет 1. Салалар бойынша жаңа кәсіпорындардың пайда болу динамикасы

2019 жылғы қорытынды бойынша өнеркәсіп құрылымындағы өңдеуші сектордың үлесі экспорттың жалпы көлемінде 36-дан 42% - ға дейін өсті. Машина жасау, соның ішінде автомобиль жасау қарқынды дамып келе жатқан салалардың біріне айналды. Елімізде сатылатын әрбір екінші жаңа автокөлік Қазақстанда өндірілген.

Қазақстан экономикасы 2020 жылғы қаңтар-маусымда ол жылдық мәнде 1,8% - ға қысқарды. Бұл төмендеуге әсер еткен негізгі факторлар: ішкі санитарлық шектеулер, сыртқы сұраныстың төмендеуі, әлсіреген инвестициялық белсенділік, әлемдік нарықтардағы шикі мұнай баррелінің құны соңғы 17 жылдағы рекордтық ең төменгі деңгейге – 25 долларға дейін төмендеуі, сондай-ақ ОПЕК келісімдері аясында оны өндіру қарқынының баяулауы болды.

Еліміз үшін тәуекелдің негізгі сыртқы көзі - экономикамыздың мұнай-газ нарығына шамадан тыс тәуелділігі болып табылады және қазіргі уақытта АҚРА пайымдауынша, бұл тәуекел толық көлемде іске асырылды.

Соңғы 20 жыл ішінде Қазақстан экономикасы көп жағдайда мұнай өндіру көлемінің үздіксіз өсуінің арқасында өсті. Алайда, мұнай бағасының төмен болуы аясында өндірістің ағымдағы қысқаруы елдегі экономикалық белсенділіктің төмендеуінің негізгі факторларының біріне айналды. 2020 жылы әлемдік мұнайға деген сұраныстың қалпына келуі баяу болды. Бұл карантиндік шараларға байланысты дағдарысқа дейінгі деңгеймен салыстырғанда тауарлар мен қызметтерді ұсынудың төмендеуіне, сондай-ақ халықтың төлем қабілеттілігінің төмендеуіне және пандемия жағдайында тұтынушылық артықшылықтардың өзгеруіне байланысты сұранысты қалпына келтіру тұрғысынан қиындықтарға байланысты болды.

Мұнай секторына тікелей шетелдік инвестициялардың төмендеуі де әсер етті. Шетелдік инвесторлар 2020 жылғы қаңтар-қыркүйек айларында Қазақстанда мұнай мен табиғи газ өндіруге \$4,9 млрд жұмсады, бұл 2019 жылғы үш тоқсанға (\$9,4 млрд) қарағанда аз.

2020 жылы еліміздің ғана емес, әлемдік экономиканың құбылуына әсер еткен себептердің бірі – COVID-19 инфекциясы. Пандемия салдарынан әлем елдерінде шағын және орта бизнестің қызметі тоқтап, кейбірі күнделікті табысын жоғалтса, ал кейбірі банкроттық жағдайдың алдында тұр. Халықаралық еңбек ұйымының мәліметінше банкроттық жағдайдың алдында тұрған кәсіпорындардың саны – 436 миллионнан асып түседі.

Вирусқа қарсы күресте алғашында адам денсаулығы мен оның өмірі үшін шаралар жүргізілген болса, енді экономиканы сақтап қалу үшін жанталас басталды. Көптеген

мемлекеттер шағын және орта бизнесті сақтап қалу үшін және жұмыссыздық пен әлеуметтік мәселелерді ушықтырмау мақсатында түрлі бағдарламалар жасақтап шығаруда.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев шағын және орта бизнеске теңдессіз қолдау көрсетуді тапсырды. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап, 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін бірқатар отандық салық төлеушілер салық төлеуден босатылды. Табысқа салынатын салықтардан босату 1,2 млн микро және шағын кәсіпкерлік субъектісіне қолданылды. Бұл бизнеске үш жыл ішінде 380 млрд теңгеден астам қаражат үнемдеуге, босаған қаражатты өз қызметін дамытуға бағыттауға мүмкіндік береді [4]. Өйткені, елдің нарықта табысты болуының негізгі көрсеткіші орта бизнестің өркендеуімен өлшенеді. Компаниялар ішкі нарыққа қана емес, сыртқы нарыққа да бейімделуге тиіс. Олардың экспорттық әлеуетін арттыру үшін қолдауды күшейту керек.

Бүгінгі күні карантиндік шаралардан неғұрлым зардап шеккен салалардың ішінде – көлік және қоймалау, сондай-ақ көтерме және бөлшек сауда (қысқа мерзімді экономикалық индикатор 2020 жылғы қаңтардан мамырға дейін нақты мәнде жылдың 14 және 12,3% - ға төмендеуін тіркейді); ерекшелік тек әлеуметтік маңызы бар компонентті құрайды. Қазақстанда 2020 жылы рецессияға жол берді, бұл экономикалық белсенділіктің нақты мәнде 1,9% - ға төмендеуі. Бұдан әрі 2021-2024 жылдары жыл сайынғы өсім 3,7-6% - ға күтіледі, ал оң серпінге қолдау құрылыс саласының (жылына 3-4% - ға), ауыл шаруашылығының (4-7% - ға) және қайта өңдеу өнеркәсібінің (4-5,2% - ға) өсуі әсер етеді. 2020 жылы экономикалық белсенділіктің төмендеуі негізінен тау-кен өнеркәсібіндегі құлдыраумен байланысты (салыстырмалы бағаларда 4% - ға), бұл ішінара электр энергиясын, газды, буды өндіру және суды бөлу сегментіндегі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен құрылыстағы көрсеткіштердің артуымен өтеледі.

Азық-түлік бағасының өсуі 2020 жылы инфляцияның өсуінің негізгі факторына айналды. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2020 жылдың желтоқсанында бұл көрсеткіш 7,5% - ды құрады (кесте 1).

Кесте 1 – Қазақстандағы инфляция қарқыны (2015-2021жж.)

Жыл	Инфляция индексі, %	Инфляция, %	Өзгеруі
2021	107,40	7,40	-0,6%
2020	107,50	7,50	+2,5%
2019	104,90	4,90	
2018	105,43	5,43	-1,57%
2017	107,22	7,22	-0,78%
2016	108,29	8,29	-5,71%
2015	113,53	13,53	

Ескерту: авторлармен әдебиет негізінде құрастырылған [5]

Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша 2021 жылы күніне \$5,5-тен аз өмір сүретін азаматтардың саны 1,5 млн адамға өсуі мүмкін.

Сонымен қатар, бұл көрсеткіш қалалар мен ауылдық жерлерде айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Экономиканы дамытудың ең оптимистік сценарийі бойынша мегаполистерде бұл көрсеткіш 4% - ға, шағын қалаларда – 9% - ға, ауылдарда - 13% - ға тең болады. Ең нашар жағдайда Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында кедейлер саны 9%, қалған қалаларда – 13%, ауылдарда - 17% деңгейінде болады. Бұл жағдайды болдыртпас үшін еңбек нарығына қосымша қолдау көрсету, жоғары сапалы базалық мемлекеттік қызметтерді ұсыну, жұмыспен қамтудың икемді түрлерін дамыту, жұмысшылардың біліктілігін арттыру қажет.

Қорытындылай келе, тәуелсіздік алған 29 жыл ішінде еліміз экономикада әлем таңғалатындай нәтижелерге қол жеткізді. Біздің Елбасымыз қысқа мерзім ішінде қазақ халқының ғасырлар бойындағы арманын жүзеге асырды. Күтпеген оқиғаларға байланысты қазіргі уақытта болып жатқан экономикалық мәселелерге мемлекет тарапынан қолдаудың

арқасында, біз бәсекеге қабілетті экономикамызды әрі қарай дамыта отырып, болашақта үлкен белестерге жетеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs
2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы // <https://stat.gov.kz/>
3. Реформы в Казахстане: успехи, задачи и перспективы// <https://www.oecd.org/eurasia/countries/Eurasia-Reforming-Kazakhstan-Progress-Challenges-Opport.pdf>
4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» // https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy
5. Bankchart.kz – рейтингі банків. Индекс инфляції с 2015 по 2021 гг. // https://bankchart.kz/spravochniki/indikatory_rynka/inflation_index

УДК 33.338.31

СТРУКТУРНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ ОСНОВНЫХ ИНДИКАТОРОВ АО «УСТЬ-КАМЕНОГОРСКАЯ ПТИЦЕФАБРИКА»

Ризабекова Алина Архатқызы

rizabekova.alina03@gmail.com

Бакалавриат 4 курса специальности «Экономика»,
ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Научный руководитель - Рыспекова М.О.

Сельское хозяйство - важный сектор, определяющий уровень жизни, благосостояние и продовольственную безопасность населения страны. Уровень развития отрасли переработки сельскохозяйственной продукции и производства высококачественного товара влияет на здоровье страны, качество жизни и социальные условия развития общественности.

Казахстан, как страна, занимающая девятое место в мире по площади, значительно важно наличие собственного конкурентоспособного сельского хозяйства и развитый продовольственный рынок.

Актуальность темы заключается в том, что конкурентоспособность предприятий в быстроразвивающейся рыночной экономике определяет основу экономико-стратегического развития, что помогает анализировать конкурентоспособность предприятий.

Сельскохозяйственные продукты затрагивают многие сектора национальной экономики и предоставляют стране больше возможностей для трудоустройства.

Птицеводство - один из самых быстрорастущих секторов сельского хозяйства. Динамика данного сегмента очень перспективна, так как продукцию можно производить в больших количествах за кратчайший период времени независимо от сезона. Данная отрасль животноводства играет важную роль в сельскохозяйственном производстве, а выпускаемая продукция птицефабрик занимает большую часть в рационе людей.

Производство яиц и мяса являются основными направлениями птицеводства. Рассматриваемые продукты являются одними из основных диетических продуктов питания в рационе, так как в мясе птицы и яйцах содержится большое количество белка. Кроме того, уникальность яиц можно отметить в том, что это единственный природный продукт, который производится в упакованном виде. Благодаря данной уникальности птицефабрики могут инкубировать яйца, для стимулирования увеличения объема производства.